

**Ақтөбе облыстық мәслихатының  
Ш Е Ш І М І**

**Ақтөбе қаласы**

**№244**

**2018 жылғы 22 ақпан**

**Облыстық мәслихаттың кезекті  
он жетінші сессиясы жалпы  
отырысының күн тәртібі туралы**

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы №148 Заңының 6-бабына сәйкес Ақтөбе облыстық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

Облыстық мәслихаттың кезекті он жетінші сессиясы жалпы отырысының күн тәртібіне мынадай мәселелер енгізілсін:

1. Ақтөбе облысының ішкі істер органдарының жергілікті полиция қызметі басшысының 2017 жылға есебі және оның қызметін бағалау.

*Хабарламашы: Қ.С.Жақсығалиев - Ақтөбе облысының  
жергілікті полиция қызметінің бастығы*

2. 2017 жылы атқарылған жұмыстар туралы Ақтөбе облыстық мәслихаты хатшысының есебі туралы.

3. Ақтөбе облысы аумағының қала құрылысын жоспарлаудың Кешенді схемасы туралы.

*Хабарламашы: С.Т.Төленбергенов – облыс әкімінің  
орынбасары*

4. «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған мамандандырылған бала-бақшаны орналастыру үшін, Ақтөбе қаласының Батыс-2 тұрғын үй алабындағы 9/2 үйдегі мектепке дейінгі білім беру мекемесін коммуналдық меншікке беру және техникалық қызмет көрсету» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттеме қабылдау туралы.

5. «Ақтөбе қаласында бюджеттік сала қызметкерлерін орналастыру үшін 70 пәтерлік шағын отбасылық жатақхананы коммуналдық меншікке беру» мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттеме қабылдау туралы.

6. «Ақтөбе қаласында жалпы ауданы 10500 шаршы метрден кем емес 5 алаңнан тұратын спорттық кешенді жалға алу» мемлекеттік-

жекешелік әріптестік жобасы бойынша мемлекеттік міндеттеме қабылдау туралы.

*Хабарламашы: Н.М.Жүсіпов – дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы*

7. Облыстық мәслихаттың 2017 жылғы 08 желтоқсандағы №217 «2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

*Хабарламашы: О.М.Смағұлов - экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасының басшысы*

8. Ақтөбе облысы Қобда ауданының білім беру ұйымдарына атаулар беру бойынша ұсыныстар енгізу туралы.

9. Ақтөбе қаласының атаусыз көшелеріне атау беру туралы.

*Хабарламашы: Г.Т.Төлебаева - тілдерді дамыту басқармасының басшысы*

10. Облыстық мәслихаттың 2009 жылғы 21 желтоқсандағы № 236 «Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде орман пайдалану төлемақысының мөлшерлемелері туралы» шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

11. Облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 337 «Қоршаған ортаға эмиссиялар үшін төлемақы мөлшерлемелерін арттыру туралы» шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

12. М.А.Оразқұловтың облыстық мәслихаттың депутаты өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.

*Хабарламашы: Г.Н.Күнбаева – облыстық сайлау комиссиясының төрайымы*

13. М.М.Бекеевтің облыстық мәслихаттың депутаты өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату туралы.

*Хабарламашы: Г.Н.Күнбаева – облыстық сайлау комиссиясының төрайымы*

14. «Құрылыс, көлік, сауда және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық мәселелері жөніндегі облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиясының құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 24 наурыздағы №6 шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

15. «Бюджет, экономика, өнеркәсіп және кәсіпкерлік жөніндегі облыстық мәслихаттың тұрақты комиссиясының құрамы туралы»

облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 24 наурыздағы №8 шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

16. «Көкжиде құмы» объектісінің қоршаған ортасын қорғау мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссияның дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 13 желтоқсандағы №350 шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

17. «Индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі Өңірлік үйлестіру кеңесінің дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2016 жылғы 18 ақпандағы № 395 шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

18. «Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі облыстық комиссияның дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2012 жылғы 27 шілдедегі №48 шешіміне өзгерістер енгізу туралы.

19. «Облыс әкімдігі жанындағы жастар істері жөніндегі Кеңестің дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2015 жылғы 7 тамыздағы №335 шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

20. «Облыс әкімі жанындағы мемлекеттік рәміздер жөніндегі ведомствоаралық комиссияның дербес құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2010 жылғы 13 желтоқсандағы № 351 шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

21. «Облыс әкімдігі жанындағы тарихи-мәдени мұраларды қорғау жөніндегі комиссияның құрамы туралы» облыстық мәслихаттың 2008 жылғы 30 қыркүйектегі №116 шешіміне өзгеріс енгізу туралы.

22. Депутаттар тобының сауалдары туралы.

23. №4 Мясоедов сайлау округінен депутат М.С.Итеғұловтың депутаттық сауалы туралы.

24. №19 Байғанин сайлау округінен депутат Ә.С.Сарманованың депутаттық сауалы туралы.

25. №26 Темір сайлау округінен депутат С.Е.Айтбаеваның депутаттық сауалы туралы.

26. Облыстық мәслихаттың кезекті сессиясының күн тәртібі мен төрағасы туралы.

**Облыстық мәслихаттың  
сессия төрағасы**

**С. АЙТБАЕВА**

**Облыстық  
мәслихаттың хатшысы**

**С. ҚАЛДЫҒҰЛОВА**